

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Ғылым комитетінің №1 мәжілісі
Хаттамасының шешімдері

Түркістан қаласы

05.10.2023 ж.
Сағат: 15:00

Өткізілетін түрі: *Сенаттың үлкен залы*

Регламент: 3-5 минут

Қатысқандар:

ҒК төрайымы Ошибаева А.Е., ҒК мүшелері, декан орынбасарлары, постдокторант, монография авторы.

Күн тәртібі:

1. Университеттің Ғылым комитетінің (ҒК) жаңа құрамын бекітуге ұсыну (*ҒК төрайымы А.Ошибаева*)
 2. Ғылым комитетінің 2023-2024 оқу жылына арналған жоспарын бекіту (*ҒК төрайымы А.Ошибаева*)
 3. Ғылым және коммерцияландыру бағыттары бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту (*Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиқов*)
 4. Факультеттердің соңғы екі жылда бітірген докторанттары туралы мәліметтер және бұл бағыттағы жылдық жоспарлары (*Қосымша №1 бойынша ұсынады*) (*Қорғаман докторанттары бар факультет декандары: Медицина, Экономика, басқару және құқық, Әлеуметтік-гуманитарлық, Филология, Жаратылыстану және Инженерия факультеттері*)
 5. Әр түрлі мәселелер
 - 5.1. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру және үйлестіру туралы Ережесі (*Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиқов*)
 - 5.2. 2023-2024 оқу жылында қабылданған постдокторанттың жеке жұмыс жоспарын және ғылыми жетекшісін бекіту (*постдокторант Б.Қосалбаев*).
 - 5.3. Жас ғалымдар кеңесінің жаңа құрамын бекіту (*Жас ғалымдар кеңесінің төрайымы*).
 - 5.4. Университеттің Тарих, Теология және Қоғамдық ғылымдар кафедралары «Ясауи университетінің хабаршысы» журналының Тарих, Философия, Дінтану бағыттарын жеке серия шығаруды жоспарлап отыр. Осыған байланысты, Ғылым комитетінің мәжілісінде осы мәселені талқылауды ұсынады («Ясауи университетінің хабаршысы» журналының Тарих бағыты бойынша ғылыми редакторы Х.Тұрсұн).
 - 5.5. «Қазақстанда сыртқы сауда көрсеткіштерінің экономикалық өсуге әсерін талдау» тақырыбындағы монографияны плагиатқа тексеруге және Ғылыми комитеттің кезекті отырысында талқылап Сенатқа ұсыну (*Экономика, қаржы және есеп кафедрасының э.ғ.к. аға оқытушысы Р.М.Тажобаева*).
- Рецензенттері: А.М.Есиркепова, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Экономика» кафедрасының профессоры, экономика ғылымдарының докторы; С.С.Ыдырыс, Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, экономика*

ғылымдарының докторы; *А.Құралбаев*, ҚР Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының білім беру бағдарламалар әзірлеу және іске асыру кабинетінің профессоры, PhD.

Ашық дауыс беру нәтижесінде УНИВЕРСИТЕТ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ

ШЕШІМДЕРІ:

1. Университеттің Ғылым комитетінің (ҒК) жаңа құрамын бекітуге ұсыныс берілсін.
2. Ғылым комитетінің 2023-2024 оқу жылына арналған жоспары бекітілсін.
3. Ғылым және коммерцияландыру бағыттары бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
4. Факультеттердің соңғы екі жылда бітірген докторанттары туралы мәліметтері назарға алынып, жылдық жоспарлары бекітілсін.
5. Әр түрлі мәселелер.
 - 5.1. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру және үйлестіру туралы Ережесін талқылап, бекіту үшін Сенатқа ұсынылсын.
 - 5.2. 2023-2024 оқу жылында қабылданған постдокторанттың жеке жұмыс жоспарын және ғылыми жетекшісін бекіту мәселесі, постдокторант іс-сапарда болуына байланысты келесі ҒК мәжілісінде қаралсын. (*постдокторант Б.Қосалбаев*).
 - 5.3. Жас ғалымдар кеңесінің жаңа құрамы бекітілсін.
 - 5.4. Университеттің Тарих, Теология және Қоғамдық ғылымдар кафедралары «Ясауи университетінің хабаршысы» журналының Тарих, Философия, Дінтану бағыттарын жеке серия етіп шығаруға рұқсат берілсін.
 - 5.5. «Қазақстанда сыртқы сауда көрсеткіштерінің экономикалық өсуге әсерін талдау» монографиясы (өз қаражаты есебінен) Сенатқа ұсынылсын. (*Экономика, қаржы және есеп кафедрасының э.ғ.к. аға оқытушысы Р.М.Тажимаева*).

Ғылым комитетінің төрайымы:



А.Ошибаева

Мәжіліс хатшысы:



Д. Төлегенова